

"Дала геологиялық кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 476

Аймақ экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар, азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаға, ұлттық қауіпсіздікке әсер ететін "Дала геологиялық кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамын банкрот деп тануға байланысты және "Банкrottтық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының Z970067_ 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Дала геологиялық кәсіпорны ашық акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың:

1) конкурстық массаны бірыңғай лотпен сату;
2) конкурстық массаны аукционда ағылшын әдісі бойынша сату;
3) бірыңғай лоттың ең төменгі құны 1-ші және 3-ші кезектегі несиегерлер талаптарының сомасынан төмен болмауы;
4) мұліктік кешен бірыңғай лотпен сатылмаған жағдайда, оның сатылуын "Мемлекеттің бастамашылығымен банкрот деп танылып, таратылатын ұйымдардың мұлкін (активтерін) сатуға алдын ала дайындау мен сатудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 11 тамыздағы N 759 Р980759_ қаулысының талаптарына сәйкес жүзеге асыру, бұл ретте сату бағасы бірінші кезектегі несиегерлер талаптарының сомасынан аз болмауы;

5) өндірістің технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
6) конкурстық басқарушыға өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында шарттар жасасу құқығын беру;

7) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Уранликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына беру үшін несиегерлер комитетімен келісім бойынша консервациялауға және көмуге жататын мұлікті конкурстық массадан шығарып тастау көзделген ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссияның қарауына белгіленген тәртіппен иондаушы сәулелену көздерін және радиоактивтілігі төмен қалдықтарды консервациялау және көму жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру туралы ұсыныстар енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Мемлекет менишігіндегі геологиялық ақпарат және оны оқу, ғылыми, коммерциялық және өзге де мақсаттарда пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қарашадағы N 1357 Р961357_ қаулысында белгіленген тәртіппен "Дала геологиялық кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамында бар геологиялық ақпаратты сақтауға қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары - Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.С.Школьникке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК